

«Нұр-Сұлтан қаласы, дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған №2 мектеп-интернаты» бойынша өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы туралы аналитикалық есеп.

Оқушылардың өзін-өзі басқару «Бәйтерек! ұйымы арнайы құрылған жоспарды негізге ала отырып жұмыс істейді. Өзін-өзі басқару ұйымының президенті болып 10 сынып оқушысы Болсынбек Шуақ сайлауда 50 пайыз дауысқа ие болып тағайындалды. Мектеп президенттігіне тағы да 3 үміткер болды. Бұл ұйымда 6 министрлік жұмыс жүргізеді. Әр министрліктің өз жоспары мен министрлері бар. Министрліктер тәрбие ісі бойынша басшының орынбасарымен бірлесе жұмыс жасайды. Сынып әкімдеріне бағыт бағдар беріп отырады. Кеңес алқасының жұмысын бақылайды.

Әр аптаның бірінші күні мектептегі жүргізілген рейдтің қорытындысы апталық ланейкада қорытындыланып айтылады. Рейд кезінде оқушылардың тазалығы, күнделіктерінің толтырылуы, кітаптарының қапталуы, мектеп мүлкінің ұсталуы жеке бас тазалығы тексеріледі. Өткізілген іс-шаралар бойынша қорытынды жасалады және грамоталармені сыйлықтармен марапатталады.

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өткен оқу жылында Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл, Ұлы жеңістің 76 жылдығы, Ы. Алтынсариннің 180жылдығы, Ата заңымыздың қабылданғанына 27 жыл толу мерекелеріне байланысты көптеген іс шаралар өткізді. Оған «Жас ұлан» ұйымының мүшелері де белсене қатысты. Ұстаздар күні мерекесіне арнап мектеп ұстаздарын құттықтады, өз қолдарымен жасалған сыйлықтар ұсынылды. Қарттар күні мектеп еңбек ардагерлеріне арнап мерекелерімен құттықтап мерекелік іс-шара өткізді..

Президент күніне орай «Жас ұлан» ұйымына 20 сынып оқушыларын мүшелікке қабылдау салтанатты жиыны өтті. Жиынға «Жас ұлан» ұйымының барлық мүшелері қатысып, «Жас ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларды мерекемен құттықтап, галстук пен төсбелгі тақты. Тәуелсіздіктің 30жылдық мерекесіне орай «30 жылға 30 іс-шара» ұранымен мектеп оқушылары арасында патриоттық әндерден сайыс, сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Сайысқа 7-10 сыныптардан оқушылар қатысып өз өнерлерін ортаға салды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектепте безендіру жұмыстары жүргізіледі, оған министрліктермен бірге «Жас ұлан» ұйымының мүшелері түгелдей қатысады. Мерекеге арнап 7-8 сыныптар арасында ертеңгілік өткізілсе, 9-11 сыныптар арасында көгілдір от мерекелік кеш өткізілді. Мектеп оқушыларының белсенділігін мектеп министрлерінің істеген жұмыстарына

қарап бағалауға болады. «Бәйтерек» ұйымының президенті және «Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі орта буын оқушыларына өзін-өзі басқарудың жұмысын ұйымдастырады. Бұқаралық шаралар әзірлеп өткізеді. Мектеп педагогтарымен және өзге де қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс жасайды. Ақпан айында мектеп оқушылары мен студенттер арасында «Сен де –бір кірпіш дүниеге» атты мектеп түлектерімен кездесу кеші өтті. Кешке мектеп түлектері мен жас мамандар қатысты. Ақпан айында мектеп күніне орай «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен мектепті бітіріп кеткен, қазір әр салада еңбек етіп жүрген мектеп түлектерімен кездесу кеші өтті, соңынан мектеп оқушыларының шағын концерті болды.

«Бәйтерек» ұйымының негізгі мақсаты : оқушылардың сыныптан тыс шараларға белсене қатысуына, өнер мен спортты сүйеге, білімге деген құштарлығын арттыруға, халқының салт-дәстүрін қадірлеуге сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеуді үйренеді. Мектепте сенбіліктер өтіп тұрады. Оқушылар өз сыныптарын, жатаханадағы бөлмелерін, мектеп ауласын жинайды.

Өзін-өзі басқару «Бәйтерек» ұйымының негізгі мақсаты: оқушылардың сыныптан тыс шараларға белсене қатысуына, өнер мен спортты сүйеге, білімге деген құштарлығын арттыруға, халқының салт- дәстүрін қадірлеуге сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеуді үйренеді. Жылдың басында сайланған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының президенті , оның құрамында білім министрі, спорт және денсаулық, құқық және тәртіп министрі, мәдениет және ақпарат министрлері жұмыс істейді. Ұланбасы ай сайын ұйым мүшелеріне, сынып активтеріне жиналыс ашып тапсырмалар беріп, істеген жұмыстарының есебін алып отырады. Мектепте «Полицияның Жас Достары»- тобы құрылған.Топтың міндеті мектеп ішінде құқық бұзушылықты болдырмау түнгі кезекшілік кезінде рейдке шығу, полиция қызметкерлерімен тығыз байланыста болу. Топ мүшелері жыл басында құрылған арнайы жоспарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Мектеп президенттігінің қолдауымен оқушылар әр түрлі саяхаттарға шығып тұрады: мұражайларға, кітапханаларға, театрға, және де кинотеатрларға. Ақмол ауылында орналасқан «Алжир» лагеріне, С. Сейфуллин атындағы, Елбасы мұражайларына, «ЭКСПО -17» ғимараттарына, кітапханаларға, «Жастар» және «Опера және балет» театрларының қойылымдарын көріп тамашалайды.

Оқу жылы басында 7-сыныпқа жаңадан келген балалар өз өнерлерін көрсетеді. Мәдениет министрлігі 7-9 сынып қыздарымен «Қыз өссе – елдің көркі» атты дөңгелек үстел, «Көктем аруы» сайысын өткізді. Мектепте домбыра, вокал, хореография, сурет салу кружоктары жұмыс істейді. Тоғызқұмалақ, шахмат, теннис, футбол секцияларын да ұйымдастыруға спорт министрлігінің

атқаратын жұмыстары бар. Осы кружоктар мен секцияларға балалар белсене қатысады. Оқушыларымыз облыстық сайыстарға да қатысып, жүлделі орындарға ие болып жатыр. Облыстық «Тіл дарын» сайысында 7 сынып оқушысы Тіллә Нүрилә ұлттық аспаптар номинациясы бойынша 2 орынға ие болса, 10 сынып оқушысы Отанбек Айбота «Шешен» номинациясы бойынша 3 орынға ие болып грамотамен және сыйлықтармен марапатталды. Абай, М. Маұатаев, облыстық оқуларына да қатысып Каблан айым 2 орынға, Отанбек Айбота 3 орынға ие болды. Пәндік олимпиадаларды ұйымдастыруда білім министрлігінің үлесі үлкен. Осы жұмыстар мектеп оқушыларының өзін-өзі бақару ұйымының басқаруымен өткізіледі. Алдағы уақытта да өзін-өзі басқару ұйымы өз жұмысын алға қойып, көптеген белестерден нәтижелерге жетуге дайын.

Жылдың басында жасалған жылдық жоспарды басшылыққа ала отырып ай сайын айлық жоспар құрып сол бойынша жұмыс жасайды. Наурыз мерекесі, 7 сәуір халықаралық денсаулық күніне де ұйым мүшелері белсенді түрде қатысып арқан тарту, қол күресу, жүгіру т\б ұлттық ойындардан жарыстар өтті.

Мамыр айында Халықаралық ынтымақ күніне орай «Бір шаңырақ астында» атты ұлттар фестивалі өткізуін жоспарлап отырмыз. Оған әр сыныптан дайындалған әр ұлттың әндері мен билерінен өнер көрсетіп, ұлттық тағамдары дайындайды.

«Бәйтерек» өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілік жасауымен жазғы демалыс кезінде мектеп ауласында гүлдерді суғару графигі жасалған. Сол бойынша әр оқушы өзіне тиесілі ағаштарын, гүлдерді суғарып арам шөптен арылтады.

Мектептегі өткен әрбір іс шараны ұйымдастыруда өзін-өзі басқару ұйымының әрбір мүшесі белсене қатысады. Сынып әкімдері мен сынып жетекшілерімен тығыз байланыс жасап отырады. Алдымызда алатын белестер де, өткізетін іс-шаралар да көп.

Біздің өткізілген іс-шараларды инстаграмм парақшасында @darunnursultan, мектеп сайтында sc0001.aqmoedu.kz көре аласыздар.